



Berik Asylov

@Asylov_GenPr



Балаларды қорғау - біздің басты
басымдықтарымыздың бірі.
Мемлекет басшысы балалардың
қауіпсіздігін қамтамасыз ету,
олардың құқықтарын қорғау және
үйлесімді дамуына қолайлы
жағдай жасау - мемлекеттік
саясаттың аса маңызды бағыты
екенін атап өтті.



Berik Asylov

@Asylov_GenPr



Осыған байланысты менің тапсырмам бойынша 2023-2025 жылдарға арналған балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әлауқатын қамтамасыз ету жөніндегі Кешенді жоспарға кәмелетке толмағандарды интернеттегі деструктивті контенттің зиянды әсерінен қорғауға бағытталған ұсыныстар әзірленді. Қазіргі уақытта бұл ұсыныстар Үкіметтің қарауында.



Berik Asylov

@Asylov_GenPr



Біз өз тарапымыздан бұл шараларды жүзеге асыруға кірістік.

Мәселең, Алматы қаласында прокуратура TELE2/ALTEL байланыс операторымен бірігіп, «SIM KIDS» атты пилоттық жобаны іске қости. Бұл - суицидті насихаттау, порнография, есірткі, онлайн-казино және өзге де интернет-қатерлерден қорғайтын арнайы балаларға арналған сим-карта.



Berik Asylov

@Asylov_GenPr



Осы сим-картаның көмегімен ата-аналар баласының қандай қосымшаларды пайдаланып жүргенін бақылап, зиянды сайттарға қолжетімділікті шектеп, құрылғы үнсіз режимде болса да, баласына қоңырау шала алады.

Жоба ата-аналар арасында үлкен қызығушылық тудырды. Сынақ кезеңі аяқталғаннан кейін бұл сим-карта баршаға қолжетімді болады.



Berik Asylov

@Asylov_GenPr



Балаларға қауіпсіз орта қалыптастыру жұмысы алдын ала жүргізуі тиіс.

Бала цифрлық кеңістікте суицидке итермелейтін қауіпті ойындардан, құмар ойындарға тәуелділіктен, сондай-ақ психикасына зиян келтіретін және отбасылық тәрбие мен құндылықтарға деген көзқарасын бұрмалауы мүмкін кез келген жағымсыз контенттен қорғалуы тиіс.



Berik Asylov
[@Asylov_GenPr](https://twitter.com/Asylov_GenPr)



Ең бастысы - баланың қауіпсіздігі отбасындағы көніл бөлуден басталады. Ересектер балалардың көніл күйіндегі, ортасындағы және қызығушылықтарындағы өзгерістерге сезімтал болғаны жөн.